



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1813. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1996.12.27. N 1651 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлерінің шекті санының негізінде 48 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитетіне Төрағаның 2 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын және 9-адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Мемлекеттік аттестациялық комитеттің орталық аппараты үшін 3

қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Аттестациялық комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 26 маусымдағы N 876 қаулысының 5, 6, 9-тармақтарының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995ж., N -құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1813 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
аттестациялық комитеті орталық аппаратының
Құрылымы

Басшылық

Физика-математика, техника ғылымдары,
Жер және космос туралы ғылымдар бөлімі

Химия, биология, медицина және ауыл шаруашылығы ғылымдары бөлімі

Гуманитарлық ғылымдар бөлімі

Сараптама, инспекция және талдау бөлімі

Ақпарат, құжаттарды ресімдеу бөлімі

Әкімшілік басқару бөлімі